

Бекітемін:
Мектеп директоры С.Е.Бейсенбаев



*Тәлімгер –ұстаз К.Б.Касымова мен жас маман
Б.В.Акпарованың 2021-2022 оқу жылына
арналған жұмыс жоспары*

Бірлік негізгі мектебі КММ

2021 -2022 оқу жылы

Тәлімгерлік жоспары

Тәлімгерлік етудің мақсаты		Тәлім алушымен тәлімгерлік жұмыс жүргізу арқылы оқыту мен оқу үдерісіне өзгерістер енгізу		
Күтілетін нәтиже		Тәлім алушы жанаша сабақ жоспарлауды, сындарлы оқытудың әдіс-тәсілдерімен танысады. Тәлім алушы оқыту мен оқу үдерісін дамытуға, жақсартуға үйренеді, қолданады		
№	Жүргізілетін жұмыс түрі	Мақсаты	Күтілетін нәтиже	Мерзімі
1	Күнтізбелік тақырыптық жоспар құруға көмектесу.	Құрылған жоспар талданып, бекітіледі. Тәлім алушы анықталады	Тәлім алушы өзінің кәсіби дағдысын дамытады	Қыркүйек
2	Жас маманның күнделікті сабақтарына қатысу. Жас мамандармен әңгімелесу, проблеманы анықтау	Жас маманның сабақтарына қатысып, қандай көмек керектігі анықталады	Өз сабағында көмек қажет тұстарын аңғарады	Жоспар бойынша
3	Жас мамандарды тәжірибелі оқытушылардың сабақтарына қатыстыру	Жас мамандар сабақтардан жанаша әдіс-тәсілдерді үйренеді	Педагогикалық қызмет барысында қиындық келтірген мәселелерін шешеді	Үнемі
4	Жас маманға оқытушының қажеттілігіне сәйкес әдістемелік көмек көрсету	Жас маманның педагог ретінде тәжірибиелік дағдыларын жетілдіруге көмектесу	Жас маман өзінің кәсіби дағдыларын дамытады	Жыл бойы
5	Бірлесе отырып жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланып жоспар жасау	Сабақ жоспарына жаңа әдіс тәсілдерді қолдануға үйрету	Сабақты талапқа сай жоспарлай алады	Қаңтар
6	Ашық сабақтарға қатысу	Жас маманның тәжірибиесін жетілдіру мақсатында ашық сабақтарға қатысу	Кәсіби білімін, игерген дағдыларымен тәжірибесін жетілдіреді.	Жоспар бойынша
7	Жас маманмен жүргізілген жұмыстар жайлы бейресми әңгіме жүргізу	Жұмыстардағы өзгерістер жайлы әңгіме жүргізеді	Өз сабағына қолданатын әдіс-тәсілдерді үйренеді	Сәуір
8	Сабақтарына қатысу. Жас маманның жұмыстарындағы өзгерістерді көру, тәжірибені талдау	Сабақтарына қатысады. Жұмыс барысындағы өзгерістерді анықтайды.	Жас маманның педагогикалық қабілетін дамытады	Жоспар бойынша
9	Өткізілген жұмыстарға талдау жасау.	Жас маманның атқарған өз жұмысы туралы пікірін білу	Жас маман атқарған жұмысына қорытынды жасай алады	Мамыр

Тәлімгердің жас маман туралы есебі

Тәлімгер: К.Б.Касымова

Жас маман: Б.В.Ақпарова

2020-2021 оқу жылында жас маман, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Б.В.Ақпароваға тәлімгер болып бекітілдім. Тәлімгер болып мектепте 2 –ші жыл жұмыс істеп келемін. Б.В.Ақпарова 5-9 сыныптарға сабақ береді. Жылдағыдай 2021 жылғы қыркүйектен оқу жылына тәлімгерлік жоспар құрылды. Жыл бойы осы жоспар бойынша жас маман Б.В.Ақпаровамен жұмыс жасалды.

Жас маман өз жұмыстарына тиянақты қарайтын, жаңашылдыққа бейім, жаңашыл оқытушы. Оқу жылының басында арнайы пәндер бойынша оқу бағдарламаларымен танысып, түсіндіріп өттім.

Жүргізілген кеңестер мен әңгімелер арқылы перспективалық, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға, сабақ өткізуге көмек көрсетілді, күнтізбелік – тақырыптық және сабақ жоспарлары, әзірлеу және қолдану, дидактикалық материалдарды сабақта қолдану жолдары анықталды.

Сағат жүктемелерін ескере отырып, сабақ кестесіне сай күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрады. Әр сабаққа күнделікті сабақ жоспарын құрады.

Жас маманға өзара сабаққа кіруге жоспар құрылды. Осы жоспар бойынша Б.В.Ақпарова бастауыш сынып мұғалімдері мен жоғары сынып мұғалімдерінің сабақтарына отырды. Өз сабағы мен тәжірбиелі ұстаздардың сабақтарын салыстыра отырып өз тәжірибесіне нені жетілдіру керектігін өзі анықтап отырды.

Сонымен қатар жас маманның сабақтарына да қатысып отырдым. Жас маманның сабағына сыни көзбен қарау мақсатында емес, үйрету, бағыттау мақсатында қатыстым. Тексеру жұмыстары кемшілік іздеу бағытында емес, түзету бағытында жүргізілсе және мектепке келген жас маманға үнемі қолдау көрсетіп отырса, нағыз шебер ұстаз болып қалыптасуына бағыт беру бағытында жүргізілді.

Жас маманның оқушылармен және өзін және өзі 2020- 2021 және 2021-2022 оқу жылдарында қол жеткізген жетістіктері:

1. Алғыс хат Ақпарова Бекзат

Қазақстан Республикасы шығармашыл жастарға арналған "Ақын" порталының ұйымдастыруымен өткен байқауға шәкірт дайындағаны үшін.

Алғыс хат Ақпарова Бекзат

Республикалық қашықтықтан өткізілетін шығармашылық байқауларға шәкірт дайындағаны үшін

2. **Алғыс хат Акпарова Бекзат**
«Абай оқулары» порталының ұйымдастыруымен «Абайды оқы, жалықпа» атты байқауына шәкірт дайындағаны үшін
3. **Алғыс хат Акпарова Бекзат**
Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырған «Абай-дана, Абай-дара қазақта!» атты жалпы республикалық байқауына шәкірттерді дайындағаны үшін
4. **КИО аудан бойынша 1 орын үшін мадақтама**
Қазақ әдебиеті пәні бойынша Республикалық қашықтық олимпиада
5. **КИО облыс бойынша КИО облыс бойынша 3 орын үшін мадақтама**
Қазақ әдебиеті пәні бойынша Республикалық қашықтық олимпиада
6. **Сертификат № 1882799 Бекзат Акпарова**
Қазақ тілі пәні бойынша мұғалімдерге арналған республикалық қашықтық олимпиадасына қатысқанын растайды.
7. **Сертификат № 1883006 Бекзат Акпарова**
Қазақ әдебиеті пәні бойынша мұғалімдерге арналған республикалық қашықтық олимпиадасына қатысқанын растайды.
8. **Сертификат с отличием Акпарова Бекзат**
Қашықтықтан оқытуды үйрендім.
9. **Диплом Акпарова Бекзат**
2020-2021 оқу жылындағы жаңартылған білім мазмұны бойынша мақаланы жоғары деңгейде жариялағаны үшін
10. **Сертификат Акпарова Бекзат**
Жаңаша білім беру мазмұнында инновациялық технологияларды пайдалану арқылы «Білім әлемі» баспа бетіне өзінің мақаласын шығарып жариялағанын растайды.
11. **«Кәкімбек оқулары» аудандық мәнерлеп оқу сайысынан 7-сынып оқушысы**
Сәлемгер Шыңғысхан жүлделі ІІІ орын иеленді.
12. **Республикалық «Қадыр оқулары» көркемөз бейнебайқауы 5-сынып оқушысы**
Қожамбет Іңкәр Мадақтамамен марапатталды.
13. **ҚР-ның Тәуелсіздігінің 30жылдығы, Ж.Жабаевтың 175 жылдығына** арналған Жамбыл атындағы көркемөз оқу шеберлерінің аудандық байқауда ІІІ орын иеленді.
14. **«Елбасы» медалі** жобасының қола медаль иегері.

Жыл бойынша жас маманмен жүргізілген жұмыстан қорытынды жасауға болады: мұғалім жанаша әдіс-тәсілдерді, АКТ-ы жақсы меңгерген, сабақ жоспары мен күнтізбелікті жасауды білді, сыныппен тығыз байланыста болып, ата-аналармен ынтымақтаса білді, сыныппен іс-шаралар және ашық сабақтар жүргізуі жоғары деңгейде өтіп отырды. Алдағы мақсат сабақ аллеясына қатысу және қазақ тілі пәнінен күзиреттілікті дамытатын курстардан оту.